

Қарағанды облысы Теміртау қаласының 2025-2029 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 23/7 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облысы Теміртау қаласының 2025-2029 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А.Ломакин

Теміртау қалалық мәслихатының
2024 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 23/7 шешіміне

қосымша

Қарағанды облысы Теміртау қаласының 2025-2029 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы

Мазмұны

1. Кіріспе

Аймақтың негізгі сипаттамалары

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар енгізілген ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және басқалар

2. Теміртау қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау

Коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын бағалау

Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау

Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы, қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі – ҚТҚ) жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер бойынша нормативтік базасы бар

Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау

3. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары

Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері

4. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары

5. Қажетті ресурстар

6. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Кіріспе

1. Теміртау қаласының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №154 бұйрығы негізінде әзірленеді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, атап айтқанда Кодекстің 329-бабында белгіленген иерархия қағидатына сай әзірленді.

Бағдарламада, Теміртау қаласында пайда болатын коммуналдық қалдықтардың, коммуналдық қалдықтармен айналысатын қолданымтағы инфрақұрылымның көлемі мен құрамы, түзілу жылдамдығы, жіктелуі, жинақтау, жинау, тасымалдау, сұрыптау, залалсыздандыру, қалпына келтіру және жою тәсілдері туралы мәліметтерді қоса алғанда, сипаттамасы (мінездемесі) ұсынылады.

2. Аймақтың жалпы мәліметтері:

1) Теміртау қаласы Қарағанды қаласынан солтүстік-батысқа қарай 30 км жерде Самарқанд (Нұра) су қоймасының жағасында орналасқан. Қаланың аумағы-296,1 км². Теміртау қаласының әкімшілік қарамағында Ақтау кенті бар;

2) Теміртау қара металлургия, өнеркәсіптік құрылыс индустриясы, энергетика, химиялық өндіріс кәсіпорындары орналасқан Қазақстан Республикасының ірі индустриялық орталықтарының бірі болып табылады. Қаланың өзіне тән ерекшелігі-өнеркәсіптік және тұрғын аудандарды нақты аймақтарға бөлудің болмауы. Тарихи тұрғыдан алғанда, қаланың тұрғын үй құрылысы екі өндірістік аймақтың арасында дамыды: батыс және шығыс. Шығыс өнеркәсіп аймағында "QARMET" АҚ кәсіпорындары, шағын және орта өнеркәсіптік бизнестің басқа да кәсіпорындары бар.

Батыс өнеркәсіп аймағында ҚарГРЭС-1-ден басқа "Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" АҚ, мелькомбинат, автокөлік кәсіпорындары және т. б. кәсіпорындар жұмыс істейді;

3) халық санының серпіні ұлттық статистика бюросының деректері бойынша қабылданды. 2023 жылдың қыркүйегінде Теміртау халқының саны 177 285 адамды құрады. Оның ішінде қала халқы - 177 285 адам, ауыл халқы – 0 адам.

2019 – 2023 жылдар кезеңінде Теміртаудағы халықтың орташа жылдық саны 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Теміртау қаласында 2019-2023 жылдар кезеңіндегі халықтың орташа жылдық саны.

Теміртау- дағы халық саны	2019	2020	2021	2022	2023
адам					
Қалалық	186 148	185 745	184 760	177 943	177 285
ауылдық	0	0	0	0	0

Осылайша, Теміртауда 2021 жылдан бастап халықтың азаюы байқалады, ол 2023 жылы (қаңтардан қыркүйекке дейін) -0,19% - құрады.

3. Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын арттыру, ҚТҚ қайта өңдеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарлама жоспарлы кезеңге кемінде 5 жыл мерзімге әзірленеді.

4. Бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі;

Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м. а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің м. а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 "Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс шаралар мынадай ұлттық стратегиялар мен даму жоспарларында қаралады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы "Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы" жарлығы.

2. Теміртау қаласындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау

5. Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы ахуалын бағалау:

Теміртаудағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы ахуалы бойынша мәліметтер ресми есептерден, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (Қарағанды облысы бойынша экология департаменті) және Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтармен айналысатын операторлар ұсынған деректерден алынды.

2022 жылы Теміртаудағы коммуналдық қалдықтарды жинау және шығарумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың саны - 4 бірлік. Оның ішінде жеке компаниялар – 4, екеуі - шағын бизнес субъектілері және екеуі-орта бизнес.

2018 жылдан бастап Теміртауда жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі 1.1-кестеде келтірілген. Көлемі, қалдықтарды полигондарға өз бетімен шығаратын кәсіпорындардың қалдықтарын ескере отырып ұсынылған.

1.1-кесте – Теміртауда 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі аралықта жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі.

Теміртау	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Тонна						
Жиналған коммуналдық қалдықтар	42 405	33 906	33 542	51 933	42 728	41 712
Тасымалданған коммуналдық қалдықтар	42 405	33 906	33 542	51 933	42 728	41 712

Қалдықтардың көлемі 41712 (2023 жыл) тонна қалдықтарды полигондарға өз бетімен шығаратын кәсіпорындарды ескере отырып келтірілген.

1.2-кесте – Қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін халық саны

Параметр	2018	2019	2020	2021
Теміртау қаласының халық саны	186109	186148	185745	184760
Қоқыс шығаратын ұйымда үнемі қызмет көрсететін халық саны	125783	156783	154050	133651
% қамту	67,6	84,2	82,9	72,3

Қоқыс шығаратын ұйымдар тұрақты қызмет көрсететін тұрғындар туралы мәліметтер статистика бюросында 2022 жылдан бастап жоқ.

Қазіргі уақытта аудандарға қызмет көрсету туралы жария шарт жасалды.

Қоқыс шығаратын компаниялардың әрқайсысы қызмет көрсететін халық саны ағымдағы жағдайды сипаттау кезінде төменде келтірілген.

2022 жылы Теміртауда ҚТҚ жинауға арналған контейнерлер саны 1565 дананы құрады. Қоқыс шығаратын компаниялардың саны 45 бірлікті құрады, оның ішінде 28 қоқыс таситын көлік, қалған техника – самосвалдар, манипуляторлар мен тиегіштер.

Теміртауда тұрғындардан коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлік алаңдарда қауіпті қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер (батареялар және құрамында сынап бар энергия үнемдейтін шамдар) орнатылды, олардың бір бөлігі жұмыс істемейді. 2023 жылы қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату үшін арнайы кәсіпорынға шығарылды: құрамында сынап бар шамдар – 1136 дана, стандартты термометр – 26 дана, батареялар – 26 дана.

Теміртауда 2022 жылы бөлек жиналған қалдықтардың саны мен түрлері 1.3-кестеде келтірілген.

1.3-кесте –Теміртауда түрлері бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі

№пп	Компоненттің (фракцияның) атауы	2022 ж., тонна
1	Жиналған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі	42 728
2	Тамақ қалдықтары	Сұрыпталған жоқ
3	Макулатура, картон, қағаз қалдықтары	3 710
4	Шыны	90
5	Пластмасса, пластик қалдықтары және т. б.	2 864
6	Электрондық және электр жабдықтары	Сұрыпталған жоқ
7	металлдар	3
8	Шиналар	Сұрыпталған жоқ
9	Киім, тоқыма	Сұрыпталған жоқ
10	көшелерді тазалау қалдықтары	1 267
11	Нарық қалдықтары	2 130
12	Басқа аралас қалдықтар	19 166

Теміртауда коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын келесі компаниялар орналасқан (1.4-кесте).

Коммуналдық қалдықтарды шығаруды 3 компания жүзеге асырады:

Қоқысты шығаруды үш компания жүзеге асырады:

"Гордорсервис-Т" ЖШС келесі шағымаудандарға қызмет көрсетеді: 7-ықш., 8-ықш., 5-ықш., 2-ықш., 68-квартал, "Горка Дружбы" ықшамауданы, Ескі қала, Әлеуметтік қала тұрғын үй кешендері (кестеге сәйкес қызмет көрсетіледі), жеке сектор (өтінім бойынша қызмет көрсетіледі).

Бұл учаскедегі халық саны – 53 822 адам.

Барлық техника саны – 15 бірлік, оның ішінде 8 қоқыс жинағыш көлік, 5 ГАЗон, 1 DongFeng және 1 ЗИЛ.

"Гордорсервис-Т" ЖШС 456 контейнер орнатылған, коммуналдық қылдықтарды жинауға арналған 120 контейнер алаңына қызмет көрсетеді. 5 тереңдетілген алаң және 165 қоқыс шұңқыры.

"Фирма 777" ЖШС 444 контейнер және 110 қоқыс шұңқыры орнатылған, 115 контейнер алаңынан қоқыс шығарады.

2023 жылы 13 077,75 тонна қоқыс шығарылды, бекітілген учаскедегі халық саны – 49 523 адам.

Кәсіпорында барлығы 10 қоқыс жинағыш көлік бар.

Кәсіпорынның өндірістік алаңында орнатылған өздігінен сұрыптау желісі бар. 2023 жылы қоқысты сұрыптау жүргізілген жоқ.

Қоқыс "Гордорсервис-Т" ЖШС полигонына шығарылады.

"ТТК" ЖШС – 4 бірлік техника.

Кәсіпорынның өндірістік алаңында орнатылған өздігінен сұрыптау желісі бар.

Қоқыс "Гордорсервис-Т" ЖШС полигонына шығарылады.

4 бірлік техника.

1.4-кесте – Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды, сұрыптауды және өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар

№ пп	Кәсіпорынның атауы	Қызмет түрі	Қалдықтардың түрі	Өнім қызмет	Кәсіпорын қуаты
1	"EXPERT RECYCLING" ЖШС	Қауіпті емес қалдықтарды жинау, сұрыптау	Қолмен сұрыптау: картон, шыны, пластик, металл	Сұрыпталған қалдықтар қайта өңдеу үшін Теміртау қаласындағы қоқыс сұрыптау зауытына тапсырылады	-
2	"Гордорсервис" ЖШС	Бөлек жинау, сұрыптау, кәдеге жарату	Картон, қағаз, пластик, полиэтилен, металл	Престелген өнім, ҚТҚ полигонында көму	Тәулігіне 28 тонна
3	"777" ЖШС	ҚТҚ жинау, әкету, сұрыптау	Картон, қағаз, пластик,	Сұрыпталған қалдықтар қайта өңдеу үшін Теміртау қаласындағы қоқыс сұрыптау	

			полиэтилен, металл	зауытына тапсырылады	Тәулігіне 50 тонна
4	"ТТК" ЖШС	Бөлек жинау, сұрыптау	Картон, қағаз, пластик, полиэтилен, металл	Полимерлі-құмд ы люктер	Тәулігіне 76 тонна

Теміртау қаласында 2023 жылы қолданыста болған қайталама шикізатты қабылдау пункттері 1.5-кестеде көрсетілген.

1.5-кесте – Теміртау қаласындағы халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттері.

Мекен-жайы	Кәсіпорын	Қабылданатын зат түрі
Амангелді көшесі, 94/2	Теміртау ЦветМет	металлдар
5-ші учетный квартал, 1үй		
Складская көшесі, 1/3үй		
Заготзерно көшесі, 1/1үй	СпецПромДеталь	
Привокзальная көшесі, 1Бүй	Металл сынықтары компаниясы	
Мичурина көшесі, 14Б	Center-MS	
Республика даңғылы, 65/5үй	Солтан А	
Мичурина көшесі, 22/5	Қара және түсті металл сынықтарын қабылдау пункті	
5-ші учетный квартал, 1үй	Теміртау ЦветМет	
мекен-жайсыз	Aila Steel	
Мичурина көшесі, 4/3	Қайталама шикізат қоймасы	қайта өңдеудің әртүрлі түрлері
6 шағын аудан, 14/1үй Жания дүкенінің жанында	Екінші шикізат Қарағанды	Макулатура және өндірістік қалдықтар
Момышұлы даңғылы, 45/2	Гордорсервис-Т	қайта өңдеудің әртүрлі түрлері
Республика даңғылы, 75, 3 шағын аудан, Теміртау	Қабылдау пункті	қайта өңдеудің әртүрлі түрлері

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер. Теміртау қаласының аумағында әсер етуге экологиялық рұқсаты бар 2 ҚТҚ полигоны жұмыс істейді.

"АЛЬ-МАТИН" ЖШС:

Орналасқан жері-050035, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, № 206 үй (Теміртау, Ақтау кенті, 110-квартал, 418-учаске).

Рұқсат беру құжаттары-шығарындылар № KZ41VCZ00645091 10.08.2020 ж.; қалдықтарды орналастыру № KZ14VCZ00645092 10.08.2020 ж. әсер етуге экологиялық рұқсаттың қолданылу мерзімі 31.12.2028 ж. дейін.

"Гордорсервис-Т" ЖШС:

Орналасқан жері-Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, № 45/2 үй (Теміртау қаласы).

Рұқсат беру құжаттары-шығарындылар № KZ60VCZ00619432 03.07.2020 ж.; қалдықтарды орналастыру № KZ87VCZ00619431 03.07.2020 ж. Әсер етуге экологиялық рұқсаттың қолданылу мерзімі 31.12.2030 ж. дейін.

Полигонның ауданы 3,2 га тең, қазіргі уақытта көму қуаты 709 700,896 тоннаны құрайды. Полигон 2006 жылдан бастап пайдаланылуда.

Қазіргі уақытта полигонда қуаттылығы жылына 500 тонна сұрыптау желісі орнатылған. Сұрыптау әдісі-қолмен. Сұрыпталған фракциялар полигон аумағында арнайы ангарда сақталады. Мамандандырылған кәсіпорындарға қайта өңдеуге беріледі, өз өндірісі жоқ.

Полигонда азық-түлік және органикалық қалдықтарды инсинерациялау үшін пеш орнатылған. Инсинератордың жобалық қуаты-жылына 4659,6 тонна.

Полигондарда қалдықтарды орналастыру бойынша жалпы сипаттамалар 1.6-кестеде келтірілген.

1.6-кесте – Теміртау ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер

№пп	Параметр	2018	2019	2020	2021	2022
1	Полигон алаңы (қалдықтарды көму орындары), км2	0,05	0,05	Деректер жоқ		
2	Кәдеге жаратылған және сақталған қалдықтардың көлемі, тонна	4 44	-	1 348	26 262	13 345

2022 жылы Теміртауда қоқыс өңдеу зауыттарына 97 тонна қалдық берілді.

Теміртауда иесіз үйінділерді анықтау және жою жұмыстары жүргізілуде:

2021 жылы-80 бірлік;

2022 жылы-49 бірлік;

2023 жылы-44 бірлік.

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Қала тұрғындары үшін коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы 1.7-кестеде келтірілген.

1.7-кесте – ҚТҚ морфологиялық құрамы

№пп	Фракция атауы	жалпы көлемдегі мазмұнның %
1	Тамақ қалдықтары	34
2	Әр түрлі құрамдағы пластик	27
3	Қағаз, картон және қағаз өнімдері	23
4	Шыны	8

5	Металл	3
6	Тоқыма	3
7	Ағаш және өсімдік қалдықтары	1,9
8	Басқа қалдықтар (медициналық, батареялар мен шамдар, тұрмыстық техниканың қалдықтары және тағы басқа)	0,1

Жыл бойына қалдықтардың морфологиялық құрамы аздап өзгереді. Жазғы-күзгі кезеңде тамақ қалдықтары фракциясының 1-2% - ға ұлғаюы мүмкін. Қыс мезгілінде өсімдік қалдықтар фракциясы жоқ.

6. Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау:

1) Соңғы 3 жылда Теміртаудың 1 тұрғыны шығаратын қалдықтардың көлемінде болмашы ауытқулар орын алуда;

2) Теміртаудың бірнеше контейнерлік алаңдарында коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін жинауға арналған контейнерлер (батареялар және құрамында сынабы бар шамдар) орнатылды – Теміртау қаласында қауіптілігі 1 классты қалдықтарға арналған барлығы 20 контейнер. Контейнерлер қала әкімдігінің меншігінде. Контейнерлерге қызмет көрсету (қалдықтарды шығару және жөндеу) " Қалдықтарды басқару жөніндегі Қазақстандық оператор" ЖШС шарты бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте контейнерлік алаңдарды жайластыру Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 "Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық талаптарды ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығының талаптарына сәйкес келмейді. Атап айтқанда, 2-тараудың, 8-тармағының 4-тармақшасына сәйкес контейнерлік алаңдардың біркелкі құрылысын қамтамасыз ету қажет. 8-тармақтың 2-тармақшасына сәйкес – контейнерлік алаңдар бөлек жинауға арналған контейнерлермен жабдықталуы керек, саны кемінде 2.

Сондай-ақ контейнерлерді таңбалау "күрғақ" және "дымқыл" фракцияларына бөлу бойынша талаптар қамтамасыз етілмеген.

Теміртау қаласында 275 қоқыс құбыры бар.

Қолданыстағы коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау жүйесінде фракциялардың көп бөлігі ластануға ұшырайды және қайталама шикізат ретінде қасиеттерін жоғалтады .

Теміртаудағы тұрмыстық қалдықтар полигондарында барлық рұқсат беру құжаттары және экологиялық әсер ету рұқсаты бар. Соңғы мәліметтер бойынша 2 полигонның жалпы жобалық қуаты 1 млн.тонна қалдықты құрады.

Полигондарда түскен қалдықтарды сұрыптау-қолмен сұрыптау жүзеге асырылады.

Оң жақтары:

бір қалаға 20 дана батареялар мен шамдарға арналған контейнерлер орнатылды;
полигондарда коммуналдық қалдықтарды қолмен сұрыптау жүйесі жолға қойылған;
қайталама шикізатты қайта өңдеуге беру жүргізіледі;

Теміртауда өндірісте қайта өңделетін шикізатты пайдаланатын кәсіпорындар бар;
алаңдардағы контейнерлер қоқыс шығаратын компаниямен таңбаланады;

ҚТҚ екі полигонының да әсер етуге экологиялық рұқсаты бар;

"Гордорсервис-Т" ЖШС полигонында органикалық қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған инсинератор бар.

Теріс жақтары:

контейнерлік алаңдар экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жабдықталмаған (2023 жылғы 1 шілдедегі ҚР СТ 3780-2022 талаптары "Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнерлерді орналастыру алаңдарына қойылатын жалпы талаптар");

"кұрғақ"/"дымқыл" фракциялары бойынша бөлек алым қарастырылмаған;

сұрыптауға және өңдеуге жарамды қалдықтар фракциялары ластануға ұшырайды және қасиеттерін жоғалтады;

ірі габаритті, құрылыс қалдықтары мен көшелерді жинау және абаттандыру қалдықтарын жинаудың жолға қойылған жүйесі жоқ;

қайта шикізатты қабылдау пункттерінің саны жеткіліксіз;

полигондардың пайдаланылған алаңдарын рекультивациялау жүзеге асырылмайды;

құрылыс қалдықтарын қайта пайдалануға дайындау үшін қажетті жабдықтар жоқ, сәйкесінше құрылыс қалдықтарын пайдалану бойынша шешімдер жоқ;

жеке және заңды тұлғалар үшін қалдықтарды сұрыптауға ынталандыру жоқ.

7. Коммуналдық қалдықтарды қалыптастыру және жинақтау жөніндегі нормативтік базасы:

1) Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 71/7 "Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысы;

2) Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 2/4 "Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімі;

3) Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 4/4 "Теміртау қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге халық үшін тарифтерді бекіту туралы" шешімі.

8. Соңғы үш жылдық динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау:

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс – шаралар жоспарына сәйкес-Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 9 желтоқсандағы

№129 шешімі бойынша Қарағанды облысы бойынша қалдықтарды басқару жөніндегі мынадай іс-шаралар және 1.8-кестеге сәйкес қаржыландыру жоспарлары көзделген.

1.8-кесте – Қарағанды облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген қалдықтарды басқару жөніндегі қаржыландыру жоспарлары бар іс-шаралар (мың теңге).

№ п/п	Іс-шараның атауы	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	2022	2023	2024-2025	Қаржыландыру көзі
1	Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Саран, Шахтинск, А б а й қалаларында коммунальдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін (электрондық және электр жабдықтары, құрамында сынабы бар қалдықтар, батареялар, аккумуляторлар және өзге де қауіпті компоненттер) және контейнерлердің басқарылу түрлерін жинауға арналған контейнерлер орнату	УЭИЖКХ, қала әкімдіктері	2022-2024	32 172	75 000	102 828	Облыстық бюджет
Барлығы				32 172	81 800	4 111 393	

Теміртаудың 2022-2024 жылдарға арналған бюджетіне сәйкес жергілікті бюджетте коммунальдық қалдықтармен жұмыс істеу саласын жақсартуға қаражат көзделмейді.

Жалпы Қарағанды облысы бойынша табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарларына және Қарағанды облысын дамыту жоспарына Теміртау қаласының қалдықтарын жинау проблемаларын қозғайтын іс-шаралар енгізілген.

3. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

9. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бұл бағдарламаның мақсаты-Коммуналдық қалдықтардан пайда болатын қоршаған ортаға жүктемені азайту, қалдықтардың пайда болу мөлшерін азайту, қайталама ресурстардың өндірілуін арттыру, коммуналдық қалдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру және полигондарда депозиттелген қалдықтардың үлесін азайту және қалдықтарды депозитке салу мақсатында алып қоюға ұшыраған алаңдарды қалпына келтіру тәсілдерін ұсыну.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19-бөлімімен регламенттеледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі қағидаттар Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 328-бабында сипатталған: иерархия қағидаты, көзге жақындық қағидаты, қалдықтарды дайындаушының жауапкершілік қағидаты, қалдықтарды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 329-бабына сәйкес иерархия қағидаты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мынадай шараларды білдіреді: қалдықтардың пайда болуын болдырмау, қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау, қалдықтарды қайта өңдеу, қалдықтарды кәдеге жарату, қалдықтарды жою.

Бағдарламаның мақсаты мен қалдықтар иерархиясы принципіне сүйене отырып бағдарламаның келесі міндеттері ұсынылады:

тауарларды орау санын азайту, сату жүйелерін оңтайландыру, ұтымды тұтынуды насихаттау есебінен коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;

2023 жылғы 1 шілдедегі ҚР СТ 3780-2022 "Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнерлерді орналастыру алаңдарына қойылатын жалпы талаптар" талаптарына сәйкес контейнерлік алаңдарды ұйымдастыру;

қалдықтарды "көзден" сұрыптау - қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы тиімділікті арттыру және экологиялық заңнамаға сәйкестігі – "кұрғақ"/ "дымқыл";

сұрыпталған қалдықтар фракцияларын бөлек шығару;

полигондағы пайдалы компоненттерді барынша алу;

қалдықтардың органикалық бөлігін компост жасау немесе биогаз алу немесе энергетикалық кәдеге жарату үшін пайдалану;

Қазақстан Республикасының экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтардың қалдық бөлігін депозитке салу;

құрылыс қалдықтарын пайдалану;

полигондардың пайдаланылған алаңдарын рекультивациялау.

10. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары:

1) коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту жөніндегі міндетке халықтың экологиялық жауапкершілігі мен қаржылық сауаттылығын арттыру деңгейінде ғана қол жеткізуге болады. Яғни, бұл мақсатқа сату құрылымы өзгерген кезде қол жеткізуге болады (соның ішінде орауыш материалдар санының айтарлықтай төмендеуі, айналым контейнерлерін енгізу, сатып алушыға кәдеге жарату үшін төлемді енгізу, мысалы, sparklo арқылы пластмасса, салмақ тауарларын сату құрылымының өзгеруі және т. б.) және халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру, стихиялық сатып алу минимумға дейін азайған кезде және халық та қалдықтарды қысқартуға ұмтылады. Бұған экология және жаратылыстану сабақтарында, сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыру сабақтарында оқушыларды оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Сондай ақ халық арасында қалдықтардың пайда болуын және саналы тұтынуды барынша азайтудың экологиялық насихатын арттыру қажет;

2) Ақтау кентінде қайталама шикізатты қабылдау пунктін қосымша жайластыру қажет. Сонымен қатар, коммуналдық қалдықтардың басқа морфологиялық бөліктерін (мысалы, тоқыма) қабылдау және пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Жер учаскелерін заңды ресімдеуге қойылатын талаптарды азайту үшін автомашиналар базасында мобильді пункттерді ұйымдастыруды көздеуге болады. Ақтауда ҚТҚ жинақтау нормалары және ҚТҚ жинауға, тасымалдауға арналған тарифтер бекітілмеген ;

3) "Түзілу көзінде" қалдықтарды сұрыптау міндетіне қол жеткізу үшін коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу қажет. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес коммуналдық қалдықтарды қосымша 2 фракцияға – "күрғақ" және "дымқыл" бөлуге арналған контейнерлік алаңдарды, сондай-ақ ірі габаритті қалдықтарды жинауға арналған алаңдарды жайластыру қажет. Қалдықтарды бөлек жинау бойынша халықпен түсіндіру және ақпараттық жұмысты ұйымдастыру қажет;

4) ҚР СТ 3780-2022 "Қалдықтар. Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнер орналастыратын алаңдарға қойылатын жалпы талаптар" стандартына сәйкес контейнер алаңдарын жабдықтау қажет;

5) Бөлек жиналған қалдықтардың фракцияларын бөлек шығару үшін қоқыс жинау техникасын қайта жабдықтауды қарастыру қажет;

6) Коммуналдық алаңдарда физикалық тұлғалардан жиналған ірі габаритті және құрылыс қалдықтарын шығаруды қарастыру қажет (ҚР СТ 3780-2022 "Қалдықтар. Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнер орналастыратын алаңдарға қойылатын жалпы талаптар" стандартына сәйкес);

7) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес коммуналдық қалдықтар полигондары қалдықтардан пайдалы компоненттерді қосымша алу үшін қосымша сұрыптау кешендерімен, үгіткіш және ұсақтау қондырғыларымен жабдықталуы тиіс, содан кейін оларды қайта өңделген шикізатты мүдделі

өндірушілерге беру немесе пайдалану. Бұл жағдайда қалдықтарды қолмен сұрыптау үлесін азайту қажет;

8) Ұсақталған және сұрыпталған құрылыс қалдықтарының фракцияларын өз қажеттіліктері үшін пайдалану немесе сату;

9) Егер қалдықтардың қалдық бөлігін энергетикалық пайдалану қарастырылмаса, ол Қазақстан Республикасының экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес ТБО полигонында орналастырылуы тиіс (депонирленуі тиіс);

10) Жергілікті атқарушы органдар мен коммуналдық қалдықтарды шығару және жою кәсіпорындары үшін коммуналдық қалдықтарды басқарудың өзекті мәселелері туралы қалалық қоғамдылықтың кездесулерін және ақпараттандыруын қарастыру қажет, бұл болашақта халықтың жеткіліксіз хабардар болуымен байланысты мәселелерден аулақ болуға мүмкіндік береді;

11) Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, бағдарламаның мынадай нысаналы көрсеткіштерін белгілеу ұсынылады.

№	Көрсеткіш тің атауы	Өлшем бірліктері	Бастапқы көрсеткіш тері	2025	2026	2027	2028	2029
1	Оқушылар үшін ресурстар ды тұрмысты қ деңгейде үнемдеуді ң маңыздыл ы ғ ы туралы іс-шаралар әзірлеу және өткізу	О қ у жылына қаланың 1 о қ у орнына арналған іс-шара	0	2	2	2	2	2
2	Контейнер л і к алаңдар астында жерге құқық белгілейті н құжаттард ы ресімдеу	дана	287	337	362	387	412	437
	Коммунал д ы қ қалдықтар							

3	ға сәйкес контейнер л і к алаңдарды қайта жабдықтау және / немесе жайластыр у ҚР СТ 3780-2022 " Қалдықтар . Коммунал д ы қ қалдықтар ды бөлек жинауды ұйымдаст ыру үшін контейнер лерді орналасты р у алаңдарын а қойылаты н жалпы талаптар"	дана	0	100	150	200	250	300
4	Қалдықтар ды бөлек жинауға арналған контейнер лерді орнату және таңбалау	%	0	15	20	25	30	50
5	Жергілікті және өңірлік БАҚ-та контейнер л і к алаңдарда қалдықтар ды дұрыс бөлек жинау туралы ақпаратты	Аптасына бір минут эфирлік уақыты	0	20	20	20		20

	қ хабарлама лар						20	
6	Коммунал д ы қ қалдықтар дың және олардың құрамдас бөліктерін і ң стихиялық үйінділері н табу және жою	табылғанн ан %	99	100	100	100	100	100
7	Пайдалану және қайта өндеуге беру арқылы қалдықтар д ы сақтауды азайту	ағымдағы жылдың көрсеткіш терінен % қайта өндеу	-	4%	6%	8%	10%	12%
8	Құрылыс қалдықтар ы н пайдалану	білім беруден %	-	22%	24%	26%	28%	30%

4. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары

12. Ақтау кентінде қайталама шикізатты қабылдаудың қосымша пунктін жайластыру (немесе автокөлік базасында қайталама шикізатты қабылдаудың мобильді пунктін ұйымдастыру) қажет.

Экологиялық ағарту және насихаттау мақсаттарына қол жеткізу үшін ресурстарды үнемдеу және "саналы тұтыну" қажеттілігін, қосымша қаптамадан бас тартуды және ұзақ мерзімді сапалы тауарлардың пайдасына таңдауды қамтитын әлеуметтік бағыттағы бейнесюжеттер дайындау қажет. Бұл бейнероликтерді аймақтық және жергілікті телеарналарда негізгі хабар тарату, бейнеманиторлар арасында орналастыру қажет: (көлікте, көшелерде, ғимараттарда).

Халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттері туралы ақпарат Қаланың ақпараттық экрандарында, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық стендтерінде және мемлекеттік қызметтер көрсету орталықтарында (халыққа қызмет көрсету орталықтарында), қоғамдық көлікте қолжетімді болуға тиіс.

Қосымша қалдықтардың пайда болуына жол бермеуді, сұрыптауды, сондай-ақ қоқысты таратуға жол бермеуді "ақылға қонымды тұтынуды" насихаттау міндетті түрде қосымша және мектептен тыс білім беру бағдарламасына енгізілуі тиіс. Осы

тақырып бойынша іс-шаралар қаланың білім беру мекемелерінде тұрақты негізде ұйымдастырылуы тиіс.

Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүргізілуге тиіс және кемінде 2 фракцияға – "құрғақ" және "дымқыл" сұрыптауды қамтуға тиіс. Көшелерді жинау бойынша қалдықтарға арналған контейнер немесе контейнерлік алаңға орын Орнату және ірі габаритті қалдықтарды жинауға арналған алаңды жайластыру.

Контейнерлік алаңдардың жобалары халық үшін қол жетімділікті және қалдықтарды шығаруға арналған арнайы техниканың ерекшеліктерін ескере отырып, тиеу жұмыстарын жүргізудің ыңғайлылығын ескеруі тиіс. Сонымен қатар, бір контейнер алаңын әртүрлі құрамдас қалдықтарды шығаратын әртүрлі кәсіпорындар пайдалана алады. Бұл жағдайда алаңның және оған тікелей іргелес аумақтың санитарлық жағдайына контейнерлер орнатқан барлық кәсіпорындар жауапты болуы керек.

Көппәтерлі тұрғын үй секторындағы коммуналдық қалдықтарды жинау және уақытша сақтау алаңында жеке тұлғаларда (тұрғындарда) түзілетін Құрылыс және ірі габаритті қалдықтар үшін жабыны мен қоршауы бар ауданы кемінде 12 м орын қамтамасыз етілуге тиіс.

Жеке сектор тұрғындары үшін контейнерлік алаңдарды жайластыру осы білім берушілерден қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын ұйым жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуге тиіс. Жеке сектор тұрғындары үшін коммуналдық қалдықтарды жинаудың ыңғайлылығы.

Көппәтерлі тұрғын үй секторы үшін контейнерлік алаңдарды жайластыру жөніндегі жобалар біріздендірілуі және барлық тараптардың мүдделерін ескеруі, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды жинау жөніндегі санитарлық нормативтерге сәйкес келуі тиіс.

Сұрыптау ережелері ақпараттық роликтер мен плакаттарда түсіндіріліп, сипатталуы керек. Бұл ақпарат негізгі бағдарламалар арасында өңірлік және жергілікті телеарналарда жариялануы тиіс. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, қоқыс шығаратын компаниялардың интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерде орналастырылып, мерзімді түрде жаңартылып отырылуы тиіс.

Көп қабатты тұрғын үйлердегі қоқыс шұңқырын жоюға, жұмысын тоқтатуға, қайта жабдықтауға немесе басқаша пайдалануға байланысты көп пәтерлі үй тұрғындарымен кеңесу және Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес үй тұрғындарының кем дегенде 2/3 бөлігінің жазбаша келісімін алу қажет.

Егер көп пәтерлі тұрғын үйдегі қоқыс шұңқырын жоюға және/немесе жұмысын тоқтатуға байланысты үй тұрғындарының кем дегенде 2/3 бөлігінің жазбаша келісімі болса, онда әрі қарай контейнер алаңдарын орналастыру үшін орынды тандап, құжаттарды ресімдеу қажет. Содан кейін ҚР СТ 3780-2022 талаптарын ескере отырып,

аланды салып, оны қалдықтарды бөлек жинау үшін түрлі түсті және әріптік белгілері бар жер үсті немесе жер асты контейнерлерімен жабдықтау қажет.

ҚТҚ полигондарында азық-түлік және басқа да органикалық қалдықтарды (мысалы, көшелерді тазалау қалдықтарын) биокомпасттауды немесе ҚР заңнамасын сақтай отырып, осындай қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды көздеу қажет.

Құрылыс қалдықтарын қабылдау және кәдеге жарату үшін (оларды коммуналдық қалдықтар полигондарында орналастыруға экологиялық заңнамамен тыйым салынғандықтан) қосымша желілерді - немесе қолданыстағы полигондарда немесе жаңа кәсіпорындарда – қабылдау аландарымен, фракцияларға және қорытынды өнім қоймаларына бөлу үшін ұсатқыштармен және экрандармен жарақтандырылған, кейіннен алынған материалдарды полигонның өз қажеттіліктеріне пайдалана отырып (қабаттар болған кезде) қосымша желілерді жайластыру қажет пайдаланылған карталарды оқшаулау немесе қалпына келтіру) немесе үшінші тарап тұтынушыларына демалу үшін. Құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу міндетті түрде металдарды (мысалы, арматура) өндіруге арналған сұрыптау кешендерін қамтуы керек. Құрылыс қалдықтарын полигондарда сақталған қалдықтарды оқшаулау және кейіннен қалпына келтіру үшін пайдалану табиғи топырақты пайдалануды азайтады.

Қолданыстағы коммуналдық қалдықтар полигондарының жұмыс істеуі мен дамуы қалдықтар денесінің ыдырау процесін және оның қоршаған ортаға әсерін бақылау үшін техникалық рекультивация кезеңдерімен, кейіннен газ мониторингі мен жер асты суларының мониторингін ұйымдастырумен полигонның (немесе аландардың) пайдаланылған (толған) карталарын рекультивациялауды қамтуы тиіс. Және биологиялық қалпына келтірудің келесі кезеңі.

Теміртау үшін қоқыс шығаратын компаниялар мен коммуналдық қалдықтар полигондарының қызметі туралы халықты ақпараттандырудың жеткіліксіздігі мәселесі өзекті болып отыр. Мүдделі жұртшылық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін қалдықтарды сұрыптау үшін ынталандыру, сондай-ақ егер бәрі қоқысты сұрыптайтын болса, не болатынын көру қажет;

5. Қажетті ресурстар

13. Бағдарламаны қаржыландыру көздері мыналар болуы мүмкін: жергілікті бюджет, соның ішінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 29-бабына сәйкес, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген жауапкершілігінің операторы (Кодекстің 388-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес өндірушілер мен импорттаушылардан оның банк шоттарына түскен утилизациялық төлем түріндегі қаражаттар есебінен), отандық, халықаралық қаржылық экономикалық ұйымдар немесе донор мемлекеттердің гранттары, екінші деңгейлі банктердің несиелері және Қазақстан

Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да көздер, оларды қалдықтарды жинау және залалсыздандыру кәсіпорындары немесе қоғамдық ұйымдар тарта алады.

Әрбір іс-шараны қаржыландыру көздері "Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында" белгіленген.

6. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

14. 2025-2029 жылдарға арналған Теміртау үшін коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ п/п	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге) / қосымша көздер (мың теңге)	Қаржыландыру көздері	Іс-шарадан күтілетін экологиялық әсер
					2025 - 2029жж.		
1	Жергілікті және өңірлік теле-радиолар мен әлеуметтік желілерде материалдарды орналастыру	эфирлік анықтамалар жарияланым	"Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	ақылға қонымды тұтынуды насихаттау
2	Контейнерлік алаңдар астында жер учаскелерін ерұқсат құжаттарын ресімдеу	Учаскенің нысаналы мақсатымен жерге акті	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ "Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі" ММ "Теміртау қаласының экономика	2025 - 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Контейнер алаңын өздігінен тасымалдау

			және қаржы бөлімі" ММ "Теміртау қаласының сәулет және қ а л а құрылысы бөлімі" ММ				қаупін болдырмау
3	Құрылыс қалдықтары н құрайтын ұсақтау және сұрыптау жабдықтар ын сатып алу және о н ы сенімгерлік басқаруға беру	Пайдалануға беру актісі	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуна л д ы қ шаруашылы қ , жолаушыла р көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ "Теміртау қаласының экономика және қаржы бөлімі" ММ "Теміртау қаласының активтерді Мемлекетті к сатып алу және сатып алу бөлімі" ММ	2029	Жобаға сәйкес	Кәсіпорынн ың меншікті қаражаты және басқа көздер	Құрылыс қалдықтары н пайдалануға дайындық
4	ҚР СТ 3780-2022 сәйкес қолданыста ғ ы контейнерлік алаңдарды жөндеу	Пайдалануға беру актісі	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуна л д ы қ шаруашылы қ , жолаушыла р көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ	2025 - 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет және басқа көздер	санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту, органикалық қалдықтард ы жою
	Қалдықтард ы бөлек жинауға арналған контейнерл ер мен контейнерлік алаңдарды		"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуна				

5	жинақтау немесе қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі заңнама талаптарын а сәйкес бар контейнерлерді таңбалау	Пайдалануға қабылдау актісі	лдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ	2026-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет және басқа көздер	Қалдықтарды бөлек жинауды қамтамасыз ету
6	Тұрғындармен келісілгеннен кейін, қазіргі уақытта қоқыс құбырларымен жабдықталған тұрғын аудандар үшін қаланың бас жоспарындағы контейнерлік алаңдар үшін жобаларды келісу және учаскелерді ресімдеу	Алаңдардың жоспарымен жобалары	"Теміртау қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ "Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі" ММ	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Көппәтерлі тұрғын үйлерде қалдықтарды бөлек жинау механизмдерін қамтамасыз ету.
7	ҚР СТ 3780-2022 сәйкес контейнерлік алаңдарды орнату	Пайдалануға қабылдау актісі	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Көппәтерлі тұрғын үйлерде қалдықтарды бөлек жинау механизмдерін қамтамасыз ету
8	Меншік иелеріне түсіндіру жұмыстары тұрғын үй туралы	Меншік иелері жиналысын	"Теміртау қаласының Тұрғын үй	2025-2029	-	-	Көппәтерлі тұрғын үйлерде қалдықтарды бөлек жинау

	қоқыс құбырларын жою	ың хаттамасы	инспекциясы" ММ				механизмдерін қамтамасыз ету
9	Контейнерлік алаңдарды тұрғындардан ірі көлемді және құрылыс қалдықтарын жинауға арналған контейнерлермен немесе орындармен жинақтау	Пайдалануға қабылдау актісі	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Ірі көлемді қалдықтарды кәдеге жарату, полигондардың пайда болуын болдырмау
10	ҚТҚ полигондарының толтырылған карталарын рекультивациялау-"Гордорсервис-Т"ЖШС	Қалпына келтіру актісі	Қарағанды облысының экология департаменті	2025 - 2029	Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес	Полигонның меншікті қаражаты	Экожүйені қалпына келтіру
11	Ақтау кенті үшін ҚТҚ жинау мен тасымалдаудың жинақтау нормалары мен тарифтері бекітілсін	Қалалық мәслихаттың шешімі	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ	2026-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру
12	Мектеп оқушылары үшін қалдықтарды бөлек жинау және "ақылға қонымды тұтыну"	Есеп	"Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Оқушыларға арналған

	туралы іс-шаралард ы әзірлеу және өткізу		бөлімі" ММ "Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ			ақпараттық жұмыс
--	---	--	---	--	--	---------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК